

**Байғанин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 102 "Белгілі санаттардағы тұлғалар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 188 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 1 қазанда № 3418 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 73 қаулысымен

16.03.2015 редакциясында

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 16.03.2015 № 73 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 102 "Белгілі санаттардағы тұлғалар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 11 мамырда № 3-4-114 болып тіркелген, 2011 жылғы 26 мамырдағы № 22 (7070) "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтағы "бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған" сөздері "қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған" сөздерімен ауыстырылсын;

2 тармақтағы "бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған" сөздері "қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
Ш.Спановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|              |             |
|--------------|-------------|
| Аудан әкімі: | М.Аққағазов |
|              |             |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК